

"Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасы" өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіптік стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2025 жылғы 3 сәуірдегі № 118 бұйрығы

"Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес "Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасы" кәсіптік стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ч. Аринов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрлігі

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрінің
2025 жылғы 3 сәуірдегі
№ 118 бұйрығына
қосымша

Кәсіптік стандарт: "Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасы"

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандартты қолдану саласы: "Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасы" кәсіптік стандарты "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді, білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, оның ішінде кәсіпорындарда қызметкерді, білім беру ұйымдарының жұмыскерлері мен тұлғаларын оқытуға және жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кең ауқымды міндеттердің шешімдеріне қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Осы кәсіби стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) білім – кәсіби тапсырма шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерттелген және игерілген ақпарат;

2) дағды – кәсіби тапсырманы толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен машықты қолдану қабілеті;

3) мамандық – жеке тұлға жүзеге асыратын және оны орындау үшін белгілі бір біліктілікті талап ететін кәсіп түрі;

4) кәсіптік біліктілік – кәсіп бойынша еңбек функцияларын орындау үшін талап етілетін құзыреттерді меңгеруді сипаттайтын кәсіптік даярлық дәрежесі;

5) кәсіптік стандарт – ресми және (немесе) бейресми және (немесе) ақпараттық білім беруді, біліктілік пен құзыреттілік деңгейін, кәсіптік қызметтің нақты саласындағы еңбек мазмұнын, сапасы мен жағдайларын ескере отырып, білімге, машыққа, біліктілікке, жұмыс тәжірибесіне қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін жазбаша ресми құжат;

6) құзыреттілік – еңбек функциясын құрайтын бір немесе бірнеше кәсіптік тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беретін дағдыларды қолдану мүмкіндігі;

7) машық – кәсіптік міндет шеңберінде жеке бірлік іс-әрекеттерді физикалық және (немесе) ақыл-оймен орындау қабілеті;

8) пайдалануға беру – жүк көтергіш механизмнің мақсаты бойынша пайдалануға әзірлігін тіркейтін және белгіленген тәртіппен құжатталған қорытынды рәсім;

9) жүк көтергіш механизм – жүкті кеңістікте жылжытуға арналған жүк қармау органының кері-үдемелі қозғалысы бар циклдік әрекетті көтергіш құрылғы;

10) жүк көтергіштігі – жүк көтергіш механизмі көтеруге есептелген жүктің ең үлкен рұқсат етілген массасы;

11) заңнамалық метрология – мемлекет тарапынан регламенттеуге және бақылауға жататын өзара байланысты және өзара шартталған жалпы ережелер, талаптар мен нормалар кешенін қамтитын метрология бөлімі;

12) сертификаттау – сәйкестікті растау жөніндегі орган ол арқылы өнімнің және (немесе) онымен байланысты процестің, сондай-ақ көрсетілетін қызметтің белгіленген талаптарға сәйкестігін куәландыратын рәсім;

13) сынақ зертханасы – сынақ жүргізу үшін белгіленген түрде танылған ұйым және бақылау әдістерінің бұзылатын және бұзылмайтын өлшеу аспаптарын пайдалана отырып, аналитикалық әдістеріне негізделген, жұмыстың басқа түрлері;

14) бұзылмайтын бақылау – жүк көтергіш механизмді жұмыстан шығаруды не оны бөлшектеуді талап етпейтін жүк көтергіш механизмнің немесе оның жекелеген элементтерінің/тораптарының негізгі жұмыс қасиеттерінің және параметрлерінің сенімділігін бақылау;

15) нормативтік қызмет ету мерзімі – бұл құрылғының паспортында өндіруші көрсеткен уақыт, оның барысында жүк көтергіш механизмі жұмыс қабілеттілігін сақтайды;

16) зерттеп-тексеру – белгілі бір кезеңге одан әрі пайдалану мүмкіндігі мен шарттарын анықтау мақсатында нормативтік қызмет мерзімін өтеген жүк көтергіш механизмдерді техникалық диагностикалау жөніндегі жұмыстар кешені;

17) еңбекті қорғау – құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық, емдеу-профилактикалық, оңалту және өзге де іс-шаралар мен құралдарды қамтитын еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі;

18) еңбек қауіпсіздігі – еңбек қызметі процесінде жұмыскерлерге зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерін болдырмайтын іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етілген жұмыскерлердің қорғалу жай-күйі;

19) жүк көтергіш механизмнің паспорты – жүк көтергіш механизмнің оның функциялары мен стандарттарына сәйкестігін растайтын және оны пайдалану мүмкіндігін анықтайтын негізгі құжатты, оны дайындаушы жасайды;

20) іскерлік айналымның әдет-ғұрыптары – кәсіпкерлік қызметтің белгілі бір саласында қалыптасқан және кеңінен қолданылатын, құжаттарда бекітілуіне қарамастан, заңнамада көзделмеген мінез-құлық қағидалары (тәртібі);

21) өнеркәсіптік қауіпсіздік – жеке және заңды тұлғалардың, қоршаған ортаның қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінен қорғалу жай-күйі;

22) техникалық диагностика – одан әрі қауіпсіз пайдалану мүмкіндігін анықтау мақсатында техникалық құрылғылардың техникалық жай-күйін айқындауға арналған ұйымдастырушылық және инженерлік-техникалық іс-шаралар кешені;

23) технологиялық/жұмыс картасы – бұл өндірістік жабдықты жөндеумен немесе қызмет көрсетумен айналысатын кәсіпорын жұмыскерлеріне арналған бірізделген құжат. Картада қажетті жабдықтардың, жеке қорғау құралдарының құрал-саймандары мен жиынтықтарының тізімі, еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтардың тізімі бар. Онда операциялардың реттілігі, кезеңділігі мен қағидалары, шығыс материалдарының түрлері мен саны, уақыт нормалары, материалдық шығындар, сондай-ақ жұмыс сапасын бағалау кезінде қолданылатын нормативтік құжаттар көрсетілген;

24) технологиялық регламент – кәсіпорынның (ұйымның) жұмыстарды жүргізудің реттілігі мен әдістерін, орындалатын жұмыс түрлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптар мен шараларды белгілейтін ішкі нормативтік құжаты;

25) техникалық куәландыру – бұл жабдықтың және оның құрамдас бөліктерінің техникалық жай-күйін зертеп-тексеру, сондай-ақ статикалық және динамикалық сынақтар жүргізу арқылы объектіні қауіпсіз пайдалану мүмкіндігі тұрғысынан бағалау;

26) информалды білім – білім беру ұйымдарынан және білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдардан тыс күнделікті қызмет барысында алынатын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат берілмей жүргізілетін білім беру түрі;

27) формалды емес білім беру – оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жоспарлаған, ұйымдастырған және жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып жүргізілетін білім беру түрі;

28) өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасы – сараптама объектісіне қойылатын өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына және нәтижесі қорытынды болып табылатын қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкестігіне (немесе сәйкессіздігіне) бағалау жүргізу процесі;

29) сараптама жасау ұйымы – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталған, аттестаты бар, Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасына сәйкес тиісті қызмет түрін жүзеге асыру үшін техникалық құралдары мен білікті мамандары бар ұйым (заңды тұлға);

30) сараптама қорытындысы – нәтижесі сараптамалық қорытынды болып табылатын, сараптама объектісінің оған қойылатын өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына және қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігін (немесе сәйкессіздігін) бағалау;

31) пайдалану құжаттамасы – жүк көтергіш тетікпен бірге дайындаушы-зауыт жеткізетін техникалық құжаттама (жалпы конструкторлық немесе жобалау құжаттамасының бөлігі) (мысалы, паспорт, техникалық сипаттама, пайдалану жөніндегі басшылық, монтаждау жөніндегі нұсқаулық және басқалар).

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

ЖКМ – жүк көтергіш механизмі.

СЗ – сынақ зертханасы.

ББ – бұзылмайтын бақылау.

НТҚ – нормативтік -техникалық құжаттама.

НҚА – нормативтік құқықтық акті.

ЭҚЖЖ – экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші.

СБШ – салалық біліктілік шеңбері.

БТБА – жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы.

БА – біліктілік анықтамалығы.

2-тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: "Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасы".

5. Кәсіптік стандарттың коды:

6. ЭҚЖЖ-ға сәйкес секция, бөлімді, топты, сыныпты және ішкі сыныпты көрсету:

М.Кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет.

74 – өзге де кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет.

74.9 – басқа топтарға енгізілмеген өзге де кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет.

74.90 – басқа топтарға енгізілмеген өзге де кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет.

74.90.9 – басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де кәсіптік ғылыми және техникалық қызмет.

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Кәсіптік стандарт мамандандырылған ұйымдардың жүк көтергіш механизмдердің өнеркәсіптік қауіпсіздігіне сараптама жүргізу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында кәсіптік қызметтер көрсету бойынша мамандар мен сарапшылардың кәсіптік құзыреттілігі саласындағы талаптарды белгілейді. Мамандардың біліктілік деңгейінің өсуімен әрбір келесі деңгей алдыңғы деңгейдің функцияларын орындауды және оларды жаңа құзыреттерге сәйкес кеңейтуді білдіреді.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

1) жүк көтергіш механизмдерді зерттеп-тексеру жөніндегі маман – 5-ші СБШ деңгейі.

2) жүк көтергіш механизмдерді куәландыру жөніндегі маман – 6-ші СБШ деңгейі.

3) жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы сарапшы – 7-ші СБШ деңгейі.

3-тарау. Кәсіптер карточкалары

Кәсіп карточкасы "Жүк көтергіш механизмдерді зерттеп-тексеру жөніндегі маман"	
Топтың коды:	3112-9
Қызмет атауының коды:	
Кәсіптің атауы:	Жүк көтергіш механизмдерді зерттеп-тексеру жөніндегі маман
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	5
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары	

бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі	Білім деңгейі: Техникалық және кәсіптік білім	Мамандығы: Жүк көтергіш машиналар мен транспортерлер	Біліктілігі: Кран машинисі (түрлері бойынша)
	Орта білімнен кейінгі білім	Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша)	Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану қолданбалы бакалавры
Бейресми және ақпараттық біліммен байланыс :	"Азаматтық қорғау туралы" ҚРЗ 79-бабына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша мамандарды даярлаудан, қайта даярлаудан өту және өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы куәлік алу.		
Кәсіптің басқа да ықтимал атаулары:	-		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасының сақталуы мен талаптарына сәйкестігі тұрғысынан жүк көтергіш механизмдерге зерттеп-тексеру жүргізу бойынша кәсіби қызметтер көрсету.		
Еңбек функцияларының тізімі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Жүргізілген зерттеп-тексеру қорытындылары бойынша техникалық құжаттаманы және статистикалық деректерді дайындау және ресімдеу. 2. Объектіні зерттеп-тексеру жүргізуге дайындау. 3. Технологиялық/жұмыс картасына сәйкес жүк көтергіш механизмдерді зерттеп-тексеру. 4. Жүк көтергіш механизмдердің үлгілерін механикалық сынау. .	
	Қосымша еңбек функциялары:	1. Еңбек қауіпсіздігі мен қорғауды, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау.	
	1-дағды: Қабылдау-тапсыру актісін ресімдеу.	Машығы:	
		1. Жүк көтергіш механизмдердің техникалық және пайдалану құжаттамасын оқу және түсіну. 2. Құжаттардың қабылдау-тапсыру актілерін ресімдеу.	
		Білімі:	
		1. Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезіндегі негізгі конструктивті және технологиялық шешімдер. 2. Қауіпсіздік құрылғыларының түрлері, мақсаты, құрылғысы, пайдалану қағидалары, техникалық, негізгі конструктивті ерекшеліктері мен сипаттамалары. 3. Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары. 4. Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары.	
		Машығы:	
		1. Жүк көтергіш механизмдерге пайдалану және техникалық құжаттама деректерін жүйелеу. 2. Дайындаушының немесе оның тауар белгісінің атауын, жүк көтергіштігін, шығарылған күнін, зауыттық (сәйкестендіру)	

1-еңбек функциясы: Жүргізілген Зерттеп-тексеру қорытындылары бойынша техникалық құжаттаманы және статистикалық деректерді дайындау және ресімдеу	2-дағды: Жүк көтергіш механизмдердің техникалық және пайдалану құжаттамасын талдау.	нөмірін, нормативтік техникалық құжаттамаға сәйкес басқа да мәліметтерді, иесі ұсынған жүк көтергіш механизмдердің паспорттары мен сертификаттарын көрсете отырып, тақтайшаларды салыстырып тексеру. Білімі: 1. Стандарттау туралы заңнама шеңберінде жүк көтергіш механизмдерді сертификаттау рәсімі. 2. Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары. 3. Қызмет ету мерзімі өткен көтергіштерді (мұнараларды) одан әрі пайдалану мүмкіндігін анықтау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-тексеруді жүргізу жөніндегі нұсқаулық. 4. Қызмет ету мерзімі өткен мұнаралы крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін анықтау мақсатында олардың техникалық жай-күйін зерттеп-тексеруді жүргізу жөніндегі нұсқаулық. 5. Қызмет ету мерзімі өткен монтаждық крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін анықтау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-тексеруді жүргізу жөніндегі нұсқаулық. 6. Нормативтік қызмет ету мерзімі өтелген жүк көтергіш машиналарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін анықтау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулық. 7. Қызмет ету мерзімі өткен көпір типіндегі крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-тексеруді жүргізу жөніндегі нұсқаулық. 8. Қызмет ету мерзімі өткен, жалпы мақсаттағы өздігінен жүретін жебелі крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін анықтау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-тексеруді жүргізу жөніндегі нұсқаулық.
	3-дағды: С ы н а қ хаттамаларын ресімдеу және зерттеп-тексеру нәтижелерін тіркеу.	Машығы: 1. ББ СЗ сынау және механикалық сынақ хаттамаларын ресімдеу. 2. СЗ сынақ дерекқорымен жұмыс істеу. 3. Электрондық құжаттарға арналған бағдарламалық қамтамасыз етулермен жұмыс істеу. Білімі: 1. СЗ сынақ нәтижелерін ресімдеуге қойылатын талаптар. 2. Механикалық сынақтар жүргізу жөніндегі ұлттық және (немесе) мемлекетаралық стандарттардың талабы. 3. "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңы.
		Машығы: 1. ББ СЗ жұмыс істеу үшін объектіні дайындау. 2. ББ қолданылатын технологиялық/ жұмыс карталарын және ұлттық және (немесе) мемлекетаралық стандарттарды пайдалану.

2-еңбек функциясы: Объектіні зерттеу-карау жүргізуге дайындау.	1-дағды: Зерттеп-тексеру жүргізу үшін объектіні тазалау.	Білімі: 1. ББ жабдығының физикалық жұмыс әдістері. 2. Бақылау объектісінің бетін дайындауға қойылатын талаптар. 3. Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары. 4. Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары. 5. Қызмет ету мерзімі өткен көтергіштерді (мұнараларды) одан әрі пайдалану мүмкіндігін анықтау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-тексеруді жүргізу жөніндегі нұсқаулық. 6. АҚызмет ету мерзімі өткен мұнаралы крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін анықтау мақсатында олардың техникалық жай-күйін зерттеп-тексеруді жүргізу жөніндегі нұсқаулық. 7. Қызмет ету мерзімі өткен монтаждық крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін анықтау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-тексеруді жүргізу жөніндегі нұсқаулық. 8. Нормативтік қызмет ету мерзімі өтелген жүк көтергіш машиналарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін анықтау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулық. 9. Қызмет ету мерзімі өткен көпір типіндегі крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-тексеруді жүргізу жөніндегі нұсқаулық. 10. Қызмет ету мерзімі өткен, жалпы мақсаттағы өздігінен жүретін жебелі крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін анықтау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-тексеруді жүргізу жөніндегі нұсқаулық.
	2-дағды: ББ СЗ жұмысы үшін қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету.	Машығы: 1. Тапсырыс берушімен объектіні сынақ және зерттеп-тексеруді жүргізу шарттарын келісу. 2. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. Білімі: 1. Біліктіліктің I деңгейіндегі ББ әдістері. 2. Кәсіпорында, оның ішінде биіктікте жұмыс істеу кезінде еңбек қауіпсіздігі мен қорғауды қамтамасыз ету негіздері. 3. Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары.
		Машығы: 1. Сынақтар мен және зерттеп-тексеру жүргізу үшін ББ жабдыктары мен материалдарын таңдау. 2. Технологиялық/жұмыс картасына сәйкес оларда болуы ықтимал сыртқы ақауларды анықтау мақсатында барлық дәнекерленген қосылыстарды сыртқы зерттеп-тексеруді және өлшеуді жүргізу. 3. Жұмыста НҚА және НТҚ пайдалану. Білімі:

3-еңбек функциясы: Технологиялық/ жұмыс картасына сәйкес жүк көтергіш механизмдерді зерттеп-тексеру	1-дағды: ББ СЗ жұмысын ұйымдастыру	1. Біліктіліктің I деңгейіндегі ББ әдістері. 2. Зерттеліп-тексерілетін объектілердің техникалық ерекшеліктері. 3. Шығыс материалдарының ерекшеліктері. 4. Кәсіпорында, оның ішінде биіктікте жұмыс істеу кезінде еңбек қауіпсіздігі мен қорғауды қамтамасыз ету негіздері. 5. Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары. 6. ЖКМ техникалық жай-күйін зерттеп-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу тәртібіне қойылатын талаптар. 7. Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары.
	2-дағды: СЗ қызметін бақылау	Машығы:
		1. Зерттеп-тексеру және сынау процесінің процедурасын реттеу. 2. Жұмыскердің іс-қимылын ретке келтіру есебінен өндірістік процестің қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету. 3. Технологиялық / жұмыс картасымен жұмыс жасау.
		Білімі:
		1. Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары. 2. Кәсіпорында, оның ішінде биіктікте жұмыс істеу кезінде еңбек қауіпсіздігі мен қорғауды қамтамасыз ету негіздері. 3. Қызмет ету мерзімі өткен көтергіштерді (мұнараларды) одан әрі пайдалану мүмкіндігін анықтау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-тексеруді жүргізу жөніндегі нұсқаулық. 4. Қызмет ету мерзімі өткен мұнаралы крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйін зерттеп-тексеруді жүргізу жөніндегі нұсқаулық. 5. Қызмет ету мерзімі өткен монтаждық крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін анықтау мақсатында олардың техникалық жай-күйін зерттеп-тексеруді жүргізу жөніндегі нұсқаулық. 6. Нормативтік қызмет ету мерзімі өтелген жүк көтергіш машиналарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін анықтау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулық. 7. Қызмет ету мерзімі өткен көпір типіндегі крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-тексеруді жүргізу жөніндегі нұсқаулық. 8. Қызмет ету мерзімі өткен, жалпы мақсаттағы өздігінен жүретін жебелі крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін анықтау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-тексеруді жүргізу жөніндегі нұсқаулық.
		Машығы:
		1. Механикалық сынақтар үшін үлгілерді таңдау.
		Білімі:

4-еңбек функциясы: Жүк көтергіш тетіктің үлгілерін механикалық сынау.	1-дағды: Механикалық сынақтар үшін үлгілерді дайындау	1. Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары. 2. Механикалық сынақтар жүргізу жөніндегі ұлттық және (немесе) мемлекетаралық стандарттардың талаптары. 3. Материалтану негіздері. 4. Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары.
	2-дағды: Механикалық сынақтар жүргізу.	Машығы: 1. Үлгілерді сынау кезінде дәнекерленген қосылыстың механикалық қасиеттерін бағалау. Білімі: 1. Материалтану негіздері. 2. Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары. 3. Механикалық сынақтар жүргізу жөніндегі ұлттық және (немесе) мемлекетаралық стандарттардың талаптары. 4. Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары.
Қосымша еңбек функциясы: Еңбек қауіпсіздігі мен қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау.	1-дағды: Жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыру.	Машығы: 1. Еңбек қауіпсіздігі мен қорғауды, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі талаптарын практикада қолдану. 2. Әртүрлі жағдайларда зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету. 3. Меншік иесінің және үшінші тұлғалардың қызметкерлерінің жұмыстарын жүргізу туралы хабар беру. 4. Қазақстан Республикасының НҚА талаптарына сәйкес жұмыстарды жүргізудің шығыс материалдары мен өнімдерін кәдеге жарату. Білімі: 1. Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары. 2. Алғашқы медициналық көмек көрсету негіздері. 3. Объектіде белгіленген қауіпсіздікті қамтамасыз ету талаптары. 4. Кәсіпорында, оның ішінде биіктікте жұмыс істеу кезінде еңбек қауіпсіздігі мен қорғауды, өндірістік санитарияны және өрт қауіпсіздігі талаптарын қамтамасыз ету негіздері.
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар :	Жауапкершілік, аналитикалық ойлау, ақпаратты іздеу және талдау, проблемаларды шешуді құрылымдау, логикалық ойлау, қарым-қатынастық, зейінділік, ұйымшылдық, командада жұмыс істей білу. Үнемі жаңа технологиялар мен жаңа тәсілдерді үйрену.	
	1. 2011 жылғы 18 қазандағы "Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" ТР ТС 010/2011. 2. СТ РК ИСО 8686-3-2010 "Жүк көтергіш крандар. 3 бөлім. Мұнара крандары жүктемелер мен жүктеме комбинацияларын есептеу қағидаттары". 3. ГОСТ 32579.4-2013 "Жүк көтергіш крандар. Есептік жүктемелер мен жүктемелердің комбинацияларын қалыптастыру қағидаттары. 4 бөлім. Жебе крандары".	

Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімдері:		4. ГОСТ 32579.5-2013 "Жүк көтергіш крандар. Есептік жүктемелер мен жүктемелердің комбинацияларын қалыптастыру қағидаттары. 5 бөлім. Көпір түріндегі крандар". 5. СТ РК 2523-2014 "Электр көпір крандары. Арнайы техникалық шарттар". 6. СТ РК ISO 14518-2013 "Жүк көтергіш крандар. Сынақ жүктемесіне қойылатын талаптар". 7. СТ РК EN 13001-2-2014 "Крандар. Жалпы конструкция талаптары. 2 бөлім. Жүктеме әсері". 8. ГОСТ 32579.2-2013 "Жүк көтергіш крандар. Есептік жүктемелер мен жүктемелердің комбинацияларын қалыптастыру қағидаттары. 2 бөлім. Өздігінен жүретін жебелі крандар". 9. ГОСТ 32579.1-2013 "Жүк көтергіш крандар. Есептік жүктемелер мен жүктемелердің комбинацияларын қалыптастыру қағидаттары. 1 бөлім. Жалпы ережелер". 10. СТ РК 3.41-2010 "Жүк көтергіш крандар, жүк көтергіш имек темірлер мен аспалы құрылғылардың сәйкестігін растау жөніндегі нұскалық". 11. ҚР СТ ISO 9712-2023 "Бұзылмайтын бақылау. Бұзылмайтын бақылау бойынша жұмыскердің біліктілігі мен сертификаты". 12. ГОСТ ISO 11484-2022 "Болат бұйымдар. Жұмыс берушінің бұзылмайтын бақылауды жүзеге асыратын жұмыскердің біліктілігін бағалау жүйесі". 13. ISO 18490, Non-destructive testing - Evaluation of vision acuity of NDT personnel (Бұзылмайтын бақылау. Бұзылмайтын бақылау мамандарының көру өткірлігін бағалау). 14. ГОСТ 34687-2020 "Жүк көтергіш крандар. Сынақ қағидалары мен әдістері". 15. ГОСТ 34688-2020 "Жүк көтергіш крандар. Тұрақтылыққа қойылатын жалпы талаптар".
СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	6	Жүк көтергіш механизмдерді куәландыру жөніндегі маман
Кәсіп карточкасы: "Жүк көтергіш механизмдерді куәландыру жөніндегі маман"		
Топтың коды:	2141-9	
Сабақ атауының коды:	-	
Кәсіптің атауы:	Жүк көтергіш механизмдерді куәландыру жөніндегі маман	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6	
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	-	
Кәсіптік білім деңгейі	Білім деңгейі: Жоғары білім	Мамандығы: Инженерия және инженерлік іс
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Қызметі жүк көтергіш механизмдерді пайдаланумен (тікелей) байланысты кәсіпорындарда кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесі.	
Бейресми және ақпараттық біліммен байланыс:	"Азаматтық қорғау туралы" ҚРЗ 79-бабына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша мамандарды даярлаудан, қайта даярлаудан және өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы куәлік алудан өту.	

Кәсіптің басқада ықтимал атаулары:	-	
Қызметтің негізгі мақсаты:	Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасының сақталуы мен талаптарына сәйкестігі тұрғысынан жүк көтергіш механизмдерге зерттеп-тексеру жүргізу бойынша кәсіби қызметтер көрсету.	
Еңбек функцияларының тізімі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Жүк көтергіш механизмдерге техникалық және пайдалану құжаттарына талдау жүргізу. 2. Жүк көтергіш тетігін және зерттеп-тексеру және техникалық куәландыру бойынша технологиялық / жұмыс картасын әзірлеу. 3. ББ СЗ зерттеп-тексеруді жүргізуге басшылық жасау. 4. Арнайы мақсаттағы машиналарды (экскаватор, құбыр төсеуші) жүк көтергіш крандарға ауыстыру. 5. Техникалық куәландыруды жүргізу нәтижесі бойынша статистикалық деректерді өңдеу.
	Қосымша еңбек функциялары:	1. Еңбек қауіпсіздігі мен қорғауды, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау.
1-еңбек функциясы: Жүк көтергіш механизмдерге техникалық және пайдалану құжаттарына талдау жүргізу	1-дағды: Техникалық жағдайды және Зерттеп-тексеру актілерінің нәтижелерін объектінің технологиялық регламентімен салыстыру.	Машығы:
		1. Жүк көтергіш механизмдердің техникалық және пайдалану құжаттамасын оқу және түсіну. Білімі: 1. Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезіндегі негізгі конструктивті және технологиялық шешімдер. 2. Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары. 3. Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары. 4. Қызмет ету мерзімі өткен көтергіштерді (мұнараларды) одан әрі пайдалану мүмкіндігін анықтау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-тексеруді жүргізу жөніндегі нұсқаулық. 5. Қызмет ету мерзімі өткен мұнаралы крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйін зерттеп-тексеруді жүргізу жөніндегі нұсқаулық. 6. Қызмет ету мерзімі өткен монтаждық крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін анықтау мақсатында олардың техникалық жай-күйін зерттеп-тексеруді жүргізу жөніндегі нұсқаулық. 7. Нормативтік қызмет ету мерзімі өтелген жүк көтергіш машиналарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін анықтау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулық. 8. Қызмет ету мерзімі өткен көпір типіндегі крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-тексеруді жүргізу жөніндегі нұсқаулық. 9. Қызмет ету мерзімі өткен, жалпы мақсаттағы өздігінен жүретін жебелі крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін анықтау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-тексеруді жүргізу жөніндегі нұсқаулық.

	2-дағды: Техникалық куәландыруды жүргізу кезеңділігінің және оның нәтижелерінің мониторингі.	Машығы:
		1. Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы НҚА талаптарына сәйкес техникалық куәландыруды жүргізудің уақтылығы мен толықтығын анықтау.
		2. Жүк көтергіш механизмдердің паспорттарында тіркелген нәтижелердің дұрыстығын талдау.
2-еңбек функциясы: Жүк көтергіш тетігін Зерттеп-тексеру және техникалық куәландыру бойынша технологиялық/жұмыс картасын әзірлеу.	1-дағды: Технологиялық регламентті талдау.	Білімі:
		1. Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы Қазақстан Республикасының НҚА талаптары.
		2. "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңы.
		Машығы:
	2-дағды: Міндеттерді қою мен объектіні қосымша зерттеп-тексеру және техникалық куәландыру әдістерін таңдау.	1. Технологиялық регламент негізінде жүк көтергіш тетікті тексеру және техникалық куәландыру бойынша технологиялық / жұмыс картасын әзірлеу.
		2. Өлшеу құралдарының түрлері мен ерекшеліктерін анықтау.
		Білімі:
		1. Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары.
		2. "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңы.
		3. Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары.
		Машығы:
		1. Объектіні зерттеп-тексеру, техникалық куәландыру көлемі мен әдістерін анықтау.
	1- дағды: ББ жабдықтары мен шығын материалдарын іріктеу.	Білімі:
		1. Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары.
		2. Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары.
		3. Біліктіліктің II деңгейіндегі ББ әдістері.
	2-дағды: Б Б С 3 мүмкіндіктерін бағалау.	Машығы:
		1. ББ жабдықтары мен шығыс материалдарын таңдау.
		Білімі:
		1. "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңы.
		2. ББ жабдықтары мен шығыс материалдары нарығы.
		Машығы:
		1. Зерттеп-тексерілетін ЖКМ объектілерінде ББ әдістерін қолдану.
		2. ББ СЗ жұмыскерінің біліктілігі бойынша іріктеу жүргізу.
		Білімі:
		1. Технологиялық/жұмыс картасы бағдарламасын әзірлеу бойынша талаптар.
		2. Біліктіліктің II деңгейінде ББ әдістерін білу.

3-енбек функциясы: Б Б С З Зерттеп-тексеру жүргізуге басшылық жасау.		3. ЖКМ техникалық жай-күйін зерттеп-тексеруді ұйымдастыруға және жүргізу тәртібіне қойылатын талаптар.
	3-дағды: ББ СЗ қызметін бақылауды ұйымдастыру.	Машығы:
